

## **Су тасқыны кезіндегі халыққа арналған ұсынымдар**

**СУ ТАСҚЫНЫ** - судың өз деңгейінен көтерілген кезде біршама жердің су астында қалуынан пайда болады. Су тасқыны - қардың еруі немесе жаңбырдың құюы, дамбаларды қоршап тұрған қақпалардың қирауы, желдің әсерінен су деңгейінің көтерілуі және жердің қозғалуы салдарынын болады.

Ұзақ мерзімдік су тасқыны - су басу 1 айдан 2 айға дейін созылады.

Қысқа мерзімдік су тасқыны - су басу бірнеше сағатқа созылады.

Кенеттен болатын су тасқындары - мол жаңбырлардың, бөгеттердің, дамбалардың бузылу нәтижесінде болады.

Судың аумалы деңгейі - жақын гидрологиялық күзет орнымен өлшенетін деңгей, одан асып кетсе аумақты су басады.

Су басу ауқымдығы - сумен басылған аумақтың мөлшері.

Су ағымының жылдамдығы - уақыт бірлігіне судың ауысу жылдамдығы.

Су деңгейінің көтерілу жылдамдығы - белгілі бір уақыт аралығында су деңгейінің көтерілуін сипаттайтын мөлшер.

Адамның су тасқынымен күресі көптеген мың жылдардан бұрын басталды. Ертедегі Мысырда көктемгі су тасуы кезінде судың артығын өзеннен табиғи шұңқырларға ағызды, қазаншұңқырлар (котловандар) - бірінші су қоймалардың түп бейнесі .

Бірінші бөгет Сирияда Оронт өзенінде осыдан бес мың жыл бұрын салынған. Сол кездерде бірінші дамбалар да пайда бола бастады.

Су тасқынымен күрес бойынша үлкен тәжірибе Мысырдан Қытайға созылып жатқан Шығыс тұрғындарымен жиналған болатын. Еуропада дамбаларды салу бір мың жылдан астам бұрын басталды.

### **Су тасқындарының негізгі себептері:**

- Көктемгі су тасуы кезінде судың мол құйылуы, қар мен мұз айдындарының еруі.
- Нөсерлі жаңбырлар.
- Өзен сағасындағы және теңіздің жиегіндегі желдің әсерінен су деңгейінің көтерілуі.
- Өзен арнасының мұзбен немесе бөренелермен жабылып қалуы.
- Өзен арнасының ішкі мұзбен тығын далуы.
- Цунами.
- Гидротехникалық құрылыстардың қирауы.

- Су ағысы алқаптарындағы көшкіндер мен үйінді тастар.
- Жер асты суларының жер қабатының бетіне кенеттен шығуы.

Қазіргі уақытта су тасқынымен күресу арнасының бөлек учаскесінде емес, барлық өзен су алаптарында жүргізілу керек деп есептелінеді. Бәрінен бұрын, су ағыны біркелкі болуы керек.

Бүгінгі күні су тасқындарының барлық түрлеріне жеткілікті дәрежеде болжам жасауға болады.

Су тасқынының ерекше үлгісіне өзендердің сағаларындағы желдің әсерінен су деңгейінің көтерілуі жатады. Су тасқындары көпірлерді, жолдарды, ғимараттарды, құрылыстарды қиратып, едәуір материалдық нұқсан келтіреді, ал су қозғалысының үлкен жылдамдығы (4 м/с - тан жоғары) және судың өте биік көтерілуі (2 м - ден жоғары) адамдар мен жануарлардың өліміне әкеледі.

Ғимараттар мен құрылыстарға сеңнің, әртүрлі мұз сынықтарының үлкен жылдамдықпен жүзіп келе жатуы, су салмағының гидравликалық соққыларының әсері қиратулардың негізгі себебі болып табылады. Су тасқындары кенеттен пайда болып, бірнеше сағаттан 2-3 аптаға дейін созылуы мүмкін. Қар мен жаңбыр суларының жолдарына бөгет жасауға ағаштарды отырғызу көмектеседі. Нәтижесінде көктемгі су тасқынының болу мүмкіндігі төмендейді.

Су тасқынының ауқымы мен салдары олардың ұзақтығына, жер рельефіне, жыл уақыттары мен ауа-райына, топырақтық қабаттың ерекшелігіне, судың көтерілу биіктігі мен қозғалыс жылдамдығына, су селінің құрамына, қоныстанған мекен-жайдың құрылыс салу деңгейіне және халықтың осы жерде тұру тығыздығына, гидротехникалық және мелиоративті құрылыстардың жағдайына, су басып қалған аймақтағы болжаудың туралығына байланысты болады.

### **Су тасқынына қалай дайындалу керек?**

- Егер сіздер тұратын аудан су тасқынынан жиі зардап шегетін болса, үлкендермен бірге су басатын жерлерді зерттеңіздер және оның шекараларын, сонымен қатар биіктегі, сирек су басатын жерлерді және ол жерге апаратын ең қысқа жолды есте сақтаңыздар.
- Ұйымдастырылған және жеке көшу (эвакуация) кезіндегі, сонымен қатар кенеттен пайда болған және қарқынды дамып келе жатқан су тасқыны кезіндегі мінез-құлық ережелері туралы отбасыларыңызбен талқылаңыздар.
- Қайықтар мен салдардың қай жерде тұрғанын үлкендерден сұрап, есте сақтап алыңыздар.
- Көшу кезінде өздеріңізбен бірге алатын құжаттардың, заттардың, дәрі-дәрмектердің тізімін алдын ала жасап алыңыздар.
- Жолқапшыққа керекті жылы киімдерді, азық-түлік қорын, суды, дәрі-дәрмектерді алдын ала салып қойыңыздар.

### **Су тасқыны кезінде не істеу керек?**

- Кідірместен қауіпсіз ауданға немесе аймақтың ең биік жеріне барыңыздар.
- Өздеріңізбен бірге құжаттар мен керекті заттарды алып, оларды су өткізбейтін пакетке салыңыздар, сонымен қатар бұзылып кетпейтін тамақ өнімдерінің екі күндік қорын да алуды ұмытпаңыздар.
- Үйден шығарда электр қуаты мен газды өшіріп кетіңіздер.
- Егер уақыттарыңыз болып жатса, үлкендерге үйдің бағалы заттарын жоғарғы қабаттарға немесе тұрғын үй шатырының астына апаруға көмектесіңіздер.
- Көмек келгенге дейін немесе судың басылуына дейін жоғарғы қабаттарда және ғимараттардың шатырларында немесе басқа да биік жерлерде болыңыздар.

Мұнымен қатар апат дабылын беріп тұрыңыздар:

- күндіз - көзге түсетін шүберекті ағаш сапқа іліп алып, қайта-қайта бұлғап тұрыңыздар;
- түнде - жарық дабылын беріп тұрыңыздар және оқтын-оқтын айқайлап дауысыңызды шығарып тұрыңыздар;
- басқа жағдайларда - от жағыңыздар, жалау көтеріңіздер, автокөліктің дыбыс дабылын қолданыңыздар және т.б.
- Құтқарушылар келген кезде үрейсіз және әбігерліксіз, сақтық шараларын сақтай отырып, жүзу құралына барыңыздар.

Мұнымен қатар құтқарушылардың талаптарын мүлтіксіз орындаңыздар.

Су басып қалған ауданнан мына себептер болған жағдайда ғана өз бетінше шығуға болады:

- Медициналық көмек көрсету қажеттілігі.
- Жоғарғы қабаттарды (шатырлардың астыларын) су басып қалу қаупі кезіндегі су деңгейі көтерілуінің жалғасуы.
- Сонымен қатар сіздердің сенімді жүзу құралдарыңыз болуы керек және сіздер жүзу бағыттарыңызды білулеріңіз керек. Матадан жасалған қапты бос пластикалық бөтелкелермен толтырып, қолдан жүзу құралын жасауға болады. Егер сіздер суда болсаңыздар, онда суға батпайтын кез келген заттардан ұстаныңыздар.
- Апат дабылын беруді тоқтатпаңыздар (қол шам, ысқырғыш).
- Егер сіздерді судан алып шықса, міндетті түрде киімдеріңізді сығып, қайтадан киіп алыңыздар. Өздеріңізді суықтан сақтаңыздар!

**Су тасқынынан кейін не істеу керек?**

- Ғимаратқа кірмес бұрын, оның құлау немесе қандай да болмасын заттардың құлау қаупі бар ма жоқ па, соны тексеріңіздер.

- Ғимараттың ішін желдетіңіздер (жиналған газ иістерін жою үшін).
- Электр жарығын қоспаңыздар, ашық от көздерін қолданбаңыздар, үйдің ішін толық желдеткенге дейін және газбен жабдықтау жүйесін тексергенге дейін сіріңке жақпаңыздар.
- Үлкендерден электр жабдықтарын, газ, су құбырларын тексеруді сұраңыздар. Мамандардың тексерісінен кейін ғана оларды қолданыңыздар.
- Бөлмелерді кептіру үшін барлық есіктер мен терезелерді ашып тастаңыздар, еден мен қабырғаларды батпақтан тазалаңыздар, суды ағызып жіберіңіздер.
- Тұрып қалған шалшықтарға құрамында хлор бар сұйықтықтарды құйыңыздар.